

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қыркүйектегі N 1443 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 28 мамырдағы N 1579 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 16 қыркүйектегі N 871 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2009.09.16 N 871 (2009.01.01. бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексі 123-бабының 3-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қыркүйектегі N 1443 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 36, 469-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасау және ұсыну ережесінде:

7-тармақ мынадай мазмұндағы бесінші және алтыншы абзацтармен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"жылдың басынан бастап өсу қорытындысымен есепті кезеңге арналған тіркелген міндеттемелердің сомасы;

жылдың басынан бастап өсу қорытындысымен есепті кезеңде орындалмаған міндеттемелердің сомасы;"

8-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші абзацтармен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"есепті қаржы жылына арналған тіркелген міндеттемелердің сомасы; есепті қаржы жылында орындалмаған міндеттемелердің сомасы;"

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті